

дереккөздерді талдаудың жаңа әдістеріне қызығушылықты қайта оралтты. Лоренцо Валла сияқты гуманистер филологиялық әдістерді қолданып, мәтіндердің шынайылығын сынап, сын тұрғысынан историографияның негізін қалады. Бұл тәсіл ортағасырлық діни догмалардан бас тартып, өткенді объективті зерттеуге назар аударуға мүмкіндік берді. Филологиямен қатар, құқық саласы да тарихи ғылымның дамуына үлкен үлес қосты. Мысалы, XVI ғасырдағы Францияда тарихшылар мәтіндерді талдауда заңгерлік және филологиялық әдістерді қолдана бастады, бұл құқық пен тарихты зерттеуде ғылыми көзқарастың қалыптасуына ықпал етті. Макиавеллидің еңбектері де маңызды рөл атқарды, ол «Государь» және «Флоренция тарихы» сынды шығармаларында саяси оқиғаларды зайырлы тұрғыдан түсіндіріп, оларды адам әрекеттері мен шешімдері арқылы талдады. Бұл ортағасырлық оқиғаларды құдайлық араласу тұрғысынан түсіндіруден түбегейлі ерекшеленді.

XX-XXI ғасыр тарихшылары Ренессанс дәуірін тарихты сын тұрғысынан талдау мен дереккөздерді тексеруге негізделген ғылым ретінде қарастыра бастаған кезең деп бағалайды. Бұл өзгерістер кейінгі ғасырларда тарихи ғылымның дамуына негіз қалады деп есептейді. Қорытындылай келе, Ренессанс дәуірі тарихи ғылымның дамуындағы маңызды кезең болып табылады. Бұл дәуірде гуманизмнің ықпалымен тарих ортағасырлық діни догмалардан арылып, объективті, сыни және ғылыми зерттеу әдістеріне бет бұрды. Джовиано Понтано мен Леонардо Бруни сияқты тарихшылар өз еңбектерінде тарихты тек өткен оқиғаларды баяндау құралы ретінде ғана емес, саяси, әлеуметтік және моральдық процестерді түсіндірудің негізі ретінде қарастырды. Зерттеу тәсілдері антикалық дәстүрлерді жаңғырта отырып, дереккөздерді сыни талдауға және тарихи процестердің себеп-салдарын зерделеуге негізделді. Понтано тарихқа философиялық тұрғыдан қарап, оны адамзаттың моральдық құндылықтарын зерттеу мен қоғамның даму заңдылықтарын түсіну құралы ретінде ұсынса, Бруни тарихты саяси және әлеуметтік процестердің мағынасын түсіндіруге бағыттады. Лоренцо Валла мен Никколо Макиавелли сияқты ойшылдар тарихи ғылымның зайырлы және ғылыми негіздерін қалауда маңызды рөл атқарды. Филология мен заңгерлік әдістерді қолдану тарихи деректерді сыни тұрғыдан қайта қарастыруға мүмкіндік берді, бұл ортағасырлық теологиялық тәсілдерден түбегейлі ерекшеленді. Сонымен қатар, баспа станогының пайда болуы тарихи білімнің кең таралуына және ғылыми критиканың дамуына ықпал етті.

Ренессанс дәуіріндегі тарихнаманың жаңалықтары қазіргі тарихи ғылымның негізін қалады. Бұл кезеңде қалыптасқан сыни және аналитикалық әдістер тарихи зерттеулердің сапасын арттырып, оны саяси, әлеуметтік және философиялық тұрғыдан түсінуге бағыттады. Осылайша, Ренессанс тарихты объективті, ғылыми пән ретінде қабылдауға жол ашып, кейінгі ғасырларда тарихи ғылымның үздіксіз дамуына ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Степанов А.В. Искусство эпохи Возрождения. Италия. XIV—XV века. — СПб.: Азбука-классика, 2005. — 504 с.
2. Курилла И. И. История, или Прошлое в настоящем / Иван Курилла. - СПб.: Издательство Европейского университета в Санкт-Петербурге, 2017. - 168 с.
3. Горфункель А. Х. Ренессансные предпосылки возникновения классической механики // Механика и цивилизация XVII-XVIII вв. Под ред. А. Т. Григорьяна и Б. Г. Кузнецова. — М.: Наука, 1979. — С. 21—44.
4. Е.Мельникова Ренессанс Средневековья Размышления о мифотворчестве в современной исторической науке.
5. О.И. Кусенко О проблеме итальянского Ренессанса. //Философский журнал. 2021. - Т. 14.- № 2. - С. 138–152.
6. С. Мариня. Иронический взгляд Макиавелли на историю: «История Флоренции».

XI-XII ғ.ғ. СЕЛЖУҚ ТАЙПАЛАРЫ МИГРАЦИЯСЫНЫҢ ИРАН АЙМАҒЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЫҚПАЛЫ

Қапезов Е.С.

Ғылыми жетекшісі: Дюсупова С.Т.

Астана Халықаралық Университеті

kapezov.48@mail.ru

Астана қ.

XI-XII ғасырлардағы Селжүк тайпаларының миграциясы мен келешек жаулап алуы Иран мен Орта Азияның саяси аумағында белгілі өзгерістерді әкелді. Селжүктер құрған держава жергілікті аймақтарға жаңа әлеуметтік институттар әкеле отырып жаңа қоғамдық ортаны қалыптастыра бастады. Жаңа элиталармен құрастырылған қауымдастық Иранның әлеуметтік картинасы мен бірге этникалық келбетін өзгерте бастады. Селжүк мемлекетінің құрылуы жалпы миграциялық тенденциялар мен динамикасы сәйкесінше жүрді. XI-XII ғасырлардағы селжүктердің көші-қоны Иран аумағына белгілі ықпал көрсетті. Ол ықпалдың көрінісі бірінші

кезекте әлеуметтік өзгерістер мен метаморфозаларда көрінген. Селжұқ державасының пайда болуы бір уақытта Иранда қалыптаса келе жатқан мемлекеттіктерді жойып, орнына жаңа қауымдастықтарды қалыптастыра бастады. XI-XII ғасырларда, селжұқтар басып алған аймақтарда патриархалды-феодалдық жүйелердің дамуының келесі сатысына әкелді. Онымен бірге селжұқтардың келуі үлкен этномәдени өзгеріс процесстеріне әкелді. *Селжұқ* әулетімен бірге Орталық Азиядан, Иранға келген оғыз-түркмендер топтары империяның алып бөлігін құрған. Ғасырлар бойы өткен күрделі этникалық процесстер Иран, Орта Азия, Ирак, Сирия, Египет аумақтарында бірнеше түркітілдес бірлестіктердің қалыптасуына әкеп соқты. [1, 56.]. Селжұқ тайпалары Иран аумағындағы әзербайжан, түркмен халықтарының этникалық тарихында аса маңызды рөл атқарды.

XI ғасырларда құрылған Селжұқ мемлекетінің агрессивті экспансиясының әсері ғалымдармен әртүрлі бағаланады. С.Г. Агаджанов, ол мәселені қарастыра отырып екі түрлі көзқарастарды келтіреді. Біріншісі кеңестік тарихнама көзқарасы, миграцияның себебі мен салдары экономикалық өзгерістермен әкелгенін айтады және батыс тарихнамасының еуроцентристік көзқарасы. Батыс тарихнамасында, селжұқтардың қозғалысы «варварлық» шапқыншылық тұжырымдамасында қабылданды. [1, 566.]. Батыс тарихшыларға қарама қарсы пікірді В.В.Бартольд ұстанған еді, көшпенділер зерттеуіндегі олардың «өркеніет»-тілігі туралы айта кеткен. [3, 306.].

Аталмыш мақала мақсаты селжұқ тайпаларының миграциясы Иран аймағына әлеуметтік және этникалық өзгерістерін қарастыру. Ол мақсатты орындау үшін келесі міндеттер қойылды. Селжұқ-оғыз этникалық байланыстары; XI ғасырдағы «селжұқ қозғалысы»-ның тарихнамасы; Селжұқ мемлекетінің әкелген әлеуметтік өзгерістері. Мақалада пайдаланылған әдістеме *контент анализ*.

Иран аумағына Селжұқтар әкелген этникалық өзгерістерді талқылау үшін алдымен селжұқ этногенезінің өзімен танысу қажет. Селжұқ этногенезі туралы түрлі ғалымдарда, әрқелкі көзқарастар бар. Тарихнамалық әдебиетте XI ғасырдағы Селжұқ этногенезі оғыз тайпаларымен тікелей байланысты екені белгілі. Алайда жеке медиевист тарихшылармен, Селжұқтар этногенезі туралы өздерінің теориялары бар. Мысалы: Селжұқтардың түркітөктес емес, моңғолтөктес тамырлары болуы. Ол тұжырымдама жақтаушылары ретінде Н. Асим, Э. Блошени айта аламыз. Тұжырымдамаға сәйкес Селжұқ тайпалары шығу тегі бойынша моңғолдардың Салжық тайпасымен байланысты. Н. Асим селжұқтардың пайда болуын, христиан дінін ұстанған найман, керейіттермен біріктіреді. [1, 426.]. Басқа зерттеушілер З.В. Тоған, Д.М. Данлоп селжұқтардың этногенезін «хазарлық» түріктермен біріктіреді. З.В. Тоған айтуынша, алғашқы селжұқтар, Сырдария аумағының яғұларына қызмет еткен. Яғұ бір уақытта оғыздардың бас бегі және хазар патшасының орынбасарының атауын титул ішінде иелеген. Ол тұжырымдаманы қоса дәлелдейтін деректер ішінде Ибн Тиктак, Абу-л-Фарадж еңбектері және «Малик-наме»-де кездеседі. [4, 3326.]. X ғасырда Селжұқ тайпалары бөлініп, Джендте өзіндік, тәуелсіз мемлекет құрады [1, 436.]. С.Г. Агаджанов оғыздардың, альтернативті тұжырымдылардың, фактологиялық растығын сынға алады. З.В. Тоғанның «хазарлық» шығу туралы теориясы, шынайы фактілермен дәлелденген жоқ. М.И. Артамонов айтуынша оғыздардың яғұ титулы ішінде жоғарғы хазар билеушісі титулы 8 ғасырдан бастап қолданылмады. К.Казанның «Малик-Наме»-ні зерттеуі нәтижесінде ұлы хазар билеушісінің, тарихи хазарларға қатысты болуыда күмәнге келтірілді. «Моңғолдық» шығу тегі туралы тұжырымдамаларыда кемшіліктерге не. Оның жақтайтын ғалымдар, көбінесе бірінші селжұқтардың сюзерені Бейгу қағанмен, моңғолдық салджуит тайпасының ұлы қолбасшысы Бугу арасында әлсіз байланыс құрғысы келеді. [1, 446.]

Селжұқтардың этногенез проблематикасы туралы, көптеген зерттеушілер өздерінің ойларын айтып өткен. Алайда заманауи тарихта оғыз-селжұқ ортақ пайда болу тұжырымдамасы, басым болып келеді. Альтернативті тұжырымдамалар тарихи ақиқатта, уақыт контекстінде жеңіліс табады. Селжұқтардың этногенезі кеңес тарихнамасыменде қарастырылған. Кеңес тарихнамасында оғыздар мен селжұқтардың, бірегей пайда болу тарихы тұжырымдамалары бірінші кезекте қозғалды. Белгілі мәселе В.В. Бартольд, А.Ю. Якубовский, Б.Н. Заходер зерттеушілерінің жұмыстарында қозғалған [1, 376.]. В. Бартольд селжұқтардың пайда болуын Сырдарияның төменгі ағысында өмір сүрген оғыз, түркмен тайпаларына апарды, ал XI ғасырда ол тайпалар оңтүстікке жылжып Әмудария, кейін Хорасанға жетті деген ой айтты. [3, 846.] А.Ю. Якубовский ойынша селжұқтар мен оғыздар басынан бастап ортақ тамырларға не болған, алайда селжұқ көсемдері жаңа жайлаулар мен саяси дивиденттерді іздей отырып оғыз яғұларымен барлық байланыстарды үзіп тастады да, Әмударияға көшіп. Бұл теория және С.П. Толков, А.А. Росляковпен келісім табады. Олардың тұжырымдамаларында, XI ғасырдың бірінші жартысында Янгикент билеушісі және оғыз ақсүйектері арасында билікке талас үшін соғысы басталды. Көптеген оғыз ақсүйектері орталықтан бөліне бастады, олардың қатарында селжұқ аристократтары да болды. Селжұқтар, Джендие яғұға қарсы көтеріліс бастайды да, соңында жеңіліс тауып, Хорасанға қашады да, жаңа мемлекет құрады. [1, 396.]

Оғыздардың селжұқ этногенезіндегі рөлі және оның генеалогиялық байланысының зерттелуі ғылым үшін маңызды мәселелердің бірі. Оғыздар – Иран солтүстігі түркмен, әзербайжан халқының, оған шекаралас көптеген ұлттардың этногенезінде із қалдырған үлкен тайпалық одақ. Олардың әсері қазақ, ноғай, қарақалпақ, түркмен, түрік, әзербайжан халықтарының пайда болуында өз үлесін қосқан. Сондықтанда оғыздарды ортақ тарихи орта мен мұраның нысаны ретінде ғылымға ғана емес, ұлттық мәдениеттің құнды жәдігері болып келеді. «Малик-наме» деректеріне сәйкес, селжұқ әулетінің негізін салушы Тұғак қайтыс болуынан кейін сұлтан Селжұқ билікке келеді. Ибн әл-Асир, Садр ад-Дин Хусейни жазбалары бойынша Селжұқ бекпен байғұлар арасындағы теке-тірес нәтижесінде көшудің басталуын ескереді. [2, 1756.].

Белгілі деректер, селжұқ тайпаларының миграциясы мәселесінде негізгі қозғаушы фактор ретінде саяси аспектіні ала отырады. Қазіргі зерттеушілермен бұл деректерді сараптауда түрлі түсініктемелер беруге әкелді. Байғұлар мен селжұқтар арасындағы жанжалды, жаңа селжұқ аристократиясы мен ескі оғыз патшалық әулеті мен ақсүйектер арасындағы бәсекелістік деген түсінікті жазып өтеді. Селжұқ-оғыздардың бөлінісінде саяси аспектілермен бірге, үлкен маңызға ие болған экономикалық әсері де бар. С.Г. Агаджанов ойынша Селжұқтардың көшіп-қонуында экономикалық фактор, саяси фактормен бірдей пропорцияда әсер еткен. Селжұқ аристократиясы, өздерінің мал түліктерің үлкейте бере, көршілес оғыз ақсүйектерімен жайлауларды бөлісе алмады. [2,176б.].

Селжұқтардың миграциясы X-XI ғасырлармен белгіленеді. Белгілі ұстанымдар, тікелей Селжұқ бектін билеу уақытымен белгіледі. «Малик-наме» еңбегі мен оның түрлі басқа нұсқаларында ол туралы түрлі деректер қалдырылған. Кей деректерге сәйкес Селжұқ бек 100 жыл өмір сүрді, кей деректерде 107 жыл. Осы ақпараттарға сүйене В.В. Бартольд 992 жылды Селжұқ сұлтанның билігінің аяқталған жылы деп санайды. К.Каэн 1009-1010 жылдарды жатқызады. [2, 177б.]. Селжұқ сұлтанның қайтыс болуы, «Селжұқ қозғалысы»-ның басталуында бетбұрысты оқиға болып табылады. Селжұқ тайпаларының миграция мәселесін көтерген тарихшылар, селжұқ мемлекетінің бастапқы сатыларын зерттей келе, бір-бірімен келіспеушіліктерге келеді. XX ғасырда бұл сұрақ аясында кеңес және батыс тарихнамасында екі түрлі көзқарастар қалыптасты. Кеңес тарихшылары, Селжұқ мемлекетінің пайда болуын жалпы «алмастыру» процесстерімен біріктірді. Ірі мемлекеттер бірін-бірі алмастыру процесстері, селжұқтардың ығысуына әкелді. Мысал ретінде Ляо империясы мен Қарахан мемлекеттерің ұлғаюын атап өтуге болады. Кейбір зерттеушілер селжұқ тайпаларының көшіп қонуын, Ислам әлемінің консолидациясымен біріктіретінде ғалымдар бар. Ол идеяны жалғастыра отырып, «Малик-наме» еңбегінде пайымдалған Саршық Тұғак туралы аңыздар бар. [5, 224 б.] Батыс тарихнамасында басқа идеялар көрініс тапты. Батыс тарихшылар көзқарасында селжұқтардың көші-қон процесі, жалпы номадизмнің Таяу Шығыс және Иран аумағына ұлғаюын атап өткен. [1, 56б.].

1040 ж. Түркменстан оңтүстігінде, Данданакан камал алдында газневидтер мен селжұқтар арасында шешуші шайқас өтеді [2, 16]. Шайқас нәтижесінде Газневидтер әскері талқандалып, олардың империясы ыдырауын бастайды. Жеңіске жеткен Селжұқтар, Тоғрыл бек тұсында Хорасан, Хорезм, Гурган жерлерін иелікке алады. Ол ғасыр туралы дереккөздердің басым бөлігі араб, түркі, парсы авторларымен берілген. Ол дереккөздерді егжей-тегжейлі түрде М.А. Кейман, К. Стори, К. Каэн, Ф. Розенталь, К.Босворт еңбектерінде сипаттама берілген. Селжұқтар державасы В.В. Бартольд, В.И. Беляев, А.А. Ромаскевич еңбектерінде үлкен көңіл бөлінген. XI ғасыр ортасында пайда болған Селжұқ мемлекеті әлемдік тарихта байқалатын із қалдырды. Оның пайда болуы оғыз көсемдері мен Газневидтер әулетімен, ұзақ жылдық соғыстармен тікелей байланысты. Өзің гүлдену кезеңінде, державада Иран, Орталық Азия, Ауғанстан, Кавказ бөліктері, Кіші Азия қосылған еді. Селжұқ мемлекетінің кезеңі, мұсылман елдері мен халықтарының саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде, рухани-материалды мәдениетінде байқалатын өзгерістер кезеңі.

Селжұқ державасы пайда болуымен, көршілес араб елдерімен, олардың Ислам әлеміндегі басым орны басыла бастады. Селжұқтардың Иранға келуі, жергілікті халықтарға соққы ретінде келді. XI ғасырда, дереккөз рөлінде қызмет ете алатын, шығармалардың бірі Абул-Ала Хасул қаламымен жазылған «Китаб тифтил ат-Тарак», «Түркі халқының абыройы». Бұл еңбек селжұқтардың Бағдатты басып алғанынан кейін арналған еңбек. Селжұқтардың мемлекет құрылысының фундаменттерінің бірі, оның жаулаушылық соғыстарында, Алып аймақтарды басып алу арқасында, Селжұқ мемлекеті тез арада өзімен Газневидтер державасын және басқада мемлекеттерді алмастыра бастады. Селжұқ державасын құрылуы оған дейінгі Газневид, Саманид мемлекеттерінің қалыптасуынан басты ерекшелігі оның нақты миграция арқасында пайда болуында болды. Сонымен қатар мемлекеттің дамуы дәл осы миграциясы шегаралары мен тенленцияларына сәйкес өтті. XI ғасырда, дереккөз рөлінде қызмет ете алатын, шығармалардың бірі Абул-Ала Хасул қаламымен жазылған «Китаб тифтил ат-Тарак», «Түркі халқының абыройы». Орта Азияның түркі тілдес халықтарына арнап жазылған, селжұқтардың Бағдатты басып алғанынан кейін, 1953 ж. Тегеранда, Захир Ад-Диннің жоғалып кетті деп саналған, «Селжұқ-наме» шығармасы қайта жарыққа шықты. Кейініек, 1202 ж. Мухаммед Ибн Ибрагиммен жазылған оның тікелей «жалғасы» жарияланды. «Селжұқ-наме» Ортағасырдың кейінгі авторларына әсер қалдырған. Оның ішінде, 14 ғасыр жазушысы Хаммдуллаха Казвини, «Тарихи-Гузиди», 16 ғасыр «Зубдат ат-тауарих» Казвини авторлығымен, «Селжұқ-наме» оғыз тайпаларының, газневидтерге қарсы соғыстары мен салық жүйесі, селжұқтардың мемлекеттік басқару әдістері туралы деректер қалдырылды. Одан басқа Селжұқтардың мемлекет құруы жайлы бас дереккөз Низам Аль-Мулъка «Сийасат-Наме» және «Малик-наме», Абу Райхан Бируни, XI ғасырдағы Селжұқтар туралы басты географиялық сипаттамалар қалдырады. Жалпы ортағасырлық араб деректері, өзінің негізімен географиялық материалдарды алады. Араб тарихнамасы онымен бірге құжаттық, мемлекеттік хат деректеріне толы. XII ғасырда, Санжар хан тұсында, «Китаб атабат ал-катаба» жинақтар шықты. Оның авторы Мунтабжат ад-Дин Беди «диван-и инша» лауазымың алып, мемлекеттің салық жинау, жоғарғы лауазымдарға адамдарды тағайындау, қалалар мен облыстарға орынбасарларды қою сұрақтарымен айналысқан. Хорезмшахтар сарайында, XI ғасырдың танымал поэт Рашид ад-Дин, құжат жинақтары белгілі [3, 92б.]. Ол хорезмшах Ала ад-Дин Атсыз тұсында, екі мемлекеттік хаттар жинағын шығарады. Ол жинақта, аса маңызды ақпарат ішінде, Санжар ханға қарсы шыққан оғыз тайпаларына, хорезмшах Атсыздан хаттары, Атсыз хаттары, оғыз тайпаларының әскери құрылымы мен ұйымдастырылуы туралы, оғыздардың шаруашылық өмірі туралы маңызды деректер жазылып өткен.

XI ғасырдың бірінші жартысында Янгикент билеушісі және оғыз аксүйектері арасында билікке талас үшін соғысы басталды. Көптеген оғыз аксүйектері орталықтан бөліне бастады, олардың қатарында селжұқ аристократтары да болды. Селжұқтар, Джендие ябғуға қарсы көтеріліс бастайды да, сонында жеңіліс тауып, Хорасанға қашады да, жаңа мемлекет құрады. [1, 39б.]

Селжұқ тайпаларының тарихын толықтыратын үлкен деректер ішінде, «Малик-наме» және «Селжұқ-наме» еңбектерін атап өтуге болады. Екі трактатта Селжұқ мемлекетінің ерте тарихын сипаттап өтеді. Ибн әл-Бибидің «Селжұқ-наме» еңбегі аркасында селжұқтардың сырт елдермен байланыстарын зерттеуге болады. А.Ю. Якубовский, бұл сұрақты көтере, селжұқтардың ерте Шығыс Еуропамен байланыстарын айқындайтын, құнды деректер деп бағалаған. [3, 340б.]

Ортағасырлық араб географтары Ибн Хаукал, Хордадбех, әсіресе Гардизи селжұқтар туралы аса маңызды ақпараттар қалдырған. Гардизи карталарында «Шығыс Түркістан» аумағында өткен барлық саяси процесстер карталарында жазылып, жазба деректермен бекітілген еді. Гардизи «Нузхат әл-муштак» еңбегінде Селжұқтар туралы алып деректер массивін қалдырған. Ол арқылы селжұқтардың көші-қонының алғашқы нүктелері белгілі. [3, 349б.]

Араб деректерінің, көп бөлігі географиялық еңбектер ретінде кеуі, селжұқ тайпаларының миграциясының локализациялауға көптеген мүмкіндіктер береді. Онымен бірге Селжұқ мемлекетінің қалыптасуында, көптеген аспектілерге жауап береді. Селжұқ жаулаушылық жорықтары арқылы, оғыз көсемдері ірі аристократия қатарына келді. Иемдеген ресурстардың консолидациясы арқылы жаңа элита, өзіне ыңғайлы институттар құрды. Өздерінің иеліктеріне, ірі облыстар мен аймақтарды алған феодалдар «икталық» жүйені құрастырды. Икталық жүйенің басты ерекшелігі, оның түрлі әлеуметтік топтарға ашықтық және қоғамдағы әлеуметтік ұтқарлықтың құрам бөлігі болуы. Икталық иеліктер көсемдер ұрпағы, патшалық әулет өкілдерімен қатар, патшалар мен бектердің жеке қызметінде болған жауынгерлерге, шегаралық қызметті атқарып өтетін жауынгерлерге берілген. [2, 221б.]

Икталық жүйе қолданысы XIғ. басталды. Тоғрул бек жаулаушылық жорықтарында аса жетістіктерге жеткен жауынгерлерге беріле бастады. Кейінірек икталық жүйе селжұқ қоғамының ажыралмас құрам бөлігіне айналды. Низам әл-Мүлік тұсында икталар жауынгерлер мен шенеуіктерге енбекақы орнына беріле бастады. Жерлердің үлкен көлемде бөлінуі, ол жерлердің көптеп игеріле басталуына әкелді. Солайша көшпелі өмірден, отырықшы өмірге көшу дағдарысындағы селжұқ мемлекеті қолданылмай жатқан жерлерді икта жүйесі арқылы беру нәтижесінде аграрлық өнеркәсібін дамытқан еді.

XI-XIII ғасырларда икталардың бірнеше категориялары болды. Олардың бірі жауынгерлік икталар «иктаат-и хашам» және жеке шенеуіктерге, аксүйектерге берілетін икталар категориялары болды. Ибрахим бек 1050 жылдан таулы, қажеттілігі аз аумақтарды жауынгерлеріне беруді бастады. [6, б.] Беру процедурасы XII ғасырда өзгерістерге келді. Икта берілу арнайы грамота арқылы атқарылатын. Икта феодалдық институтының дамуы әлеуметтік ортада жаңа серпіліс жасады. Икталарды мұрагерлікке қалдыру құқығы арқылы жаңа аристократия тобының пайда болуына әкелді. Мемлекеттік қызмет үшін икталарды беру саясаты патриархалды-феодалды селжұқ аристократиясының эксплуататорлық қызығушылықтарына сай келді. Икталарды иемдеген жаңа оғыз, селжұқ аксүйектері бір уақытта көшпелі мал шаруашылығынан, өз жерлеріндегі ауыл шаруашылығы мен қолөнерден пайда алып отырды, солайша аз уақыт ішінде Селжұқ мемлекеті ішінде мықты, мемлекетке әскери борыш өтейтін аристократия тобы құрылды. Одан бөлек Шихне институты түрлі зерттеушілермен әртүрлі мән-мағыналарда түсінілді. Француз ғалымы, Ж.Соваже оны шегаралық қызмет атқаратын әскери губернатор деп санады. К.Каэн, В.Ф. Минорский штхне институтының провинциядағы көсемдерді басқарушы және шегараларды қорғаушы шенеуік ретінде қарады. [2, 232 б.]

Шихне институты Селжұқ мемлекетінің маңызды құрам-бөлігі болды. XI-XII ғ.ғ.-ларда Селжұқтер шихнелерді ірі қадалар, облыстар және провинцияларға бекітіп отырған. С.Г. Агаджановтың ойынша Шихне бірінші кезекте әскербасы, басқарушы қызметтерді емес, тәртіп сақтаушы рөлін атқарды. [7, 159б.]. Шихне институтының пайда болуы, империяның ұлғаюымен байланысты болуы мүмкін. Селжұқ билеушілері жаулап алынған жерлерде тезірек тәртіп орнату мақсатында, өздерінің сенімді тұлғаларын ол жерлерге бекіткен. Ал тез арада аймақты басқаруға алу үшін, өздерінің шихнелеріне шексіз құқықтар берген. Селжұқтардың жаулап алу тенденцияларына қатарлас, пропорционалды түрде шихнелердің беделі де өсті. Уақыт өте келе, бұл лауазым ұрпақтан ұрпаққа беруді бастады, солайша XII ғасырда жаңа аристократия тобы пайда болды.

Селжұқтардың аздаған уақыт ішінде алып держава құруы, бірден әлеуметтік өзгерістерге әкелді. Иранда ғасырлар бойы Газневидтер, Саманилер құрған жүйелер бұзылып, жаңа әлеуметтік орта құрыла бастады. Шихне, икта жүйелері селжұқ қоғамында әлеуметтік ұтқарлықтың рөлін атқарып, әлеуметтік лифт болып табылады.

Селжұқ тайпалық одақтарының миграциясы, Иран аймағына этникалық және әлеуметтік өзгерістер әкелді. Иран солтүстігің мекендейтін қазіргі әзербайжан, түркмен, түркі-месхетин халықтарының этногенезі, ортағасырлық Иранның ру-тайпалық құрамына өзгерістер әкелген. Сонымен қатар ол халықтардың генеалогиялық байланыстарын анықтауда, селжұқ-оғыз этникалық байланыстарын қарастырылды. Селжұқ тайпаларының қалыптасуын зерттей отырып, ол мәселені қарастырған зерттеушілердің альтернативті көзқарастары қарастырылды. Селжұқ миграциясын қарастыруда этникалық байланыстары мен қатар, тарихнамасы зерттелді. Селжұқтардың XI ғасырдағы миграциясы туралы түрлі араб жазушылары деректер жазып қалдырған. Тарихқа «Селжұқ қозғалысы» деп енген кезең, Ирандағы түрлі этникалық-мәдени, саяси-

элеуметтік өзгерістер әкелетіні белгілі. Ол кезеңді айқындайтын деректерді қарастырған К.Казн, В.В. Бартольд, Ф.Розенталь және С.Г.Агаджанов сипаттамалары талқылануға алынды. Селжұқ тарихнамасымен танысуда ерекше мән араб деректеріне берілді. Өртүрлі араб географиялық трактаттар арқылы селжұқ миграциясының ошағы мен жолдарын анықтау жұмыстары жүргізілді. Селжұқ мемлекетінің пайда болуымен бірге, Иран аймағында болған түрлі элеуметтік өзгерістер жеке мәселе ретінде алынды. Селжұқ державасы құрған элеуметтік институттар мен орта заманауи Иранның этникалық келбетінде өзіндік үлес қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Г. Агажанов «Государство Сельджуков и Средняя Азия XI-XIII в.в.» 1991 ж.
2. С.Г. Агажанов «Очерки по истории огузов и туркмен IX-XIII веков» 2-ші басылым, 1969 ж.
3. В.В. Бартольд «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» Том 1, 1963ж.
4. Мұхаммед ибн Әли Табатаб «Билеушілерге ережелер мен мұсылман әулеттері туралы аңыздар» 1863 ж.
5. Садруддин Әбіл-Хасан Али ибн Насыр ибн Али әл-Хуссейни «Ахбар әд-девлет іс-сәлжұқи» 1943 ж.
6. Ибн Халдун «Мухаддима», 1954ж.
7. X. Хорст «Die Staatsverwaltung der Grosselququen and Horezmshahs» 1964 ж.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ 1941-1945

Даулетова Г.Г.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор Әлімбек Б.К.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
galiya909@mail.ru
Қарағанды қ.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Одағының дипломатиясы халықаралық қатынастардың жаңа құрылымдарын қалыптастыруда және фашизмге қарсы күреске маңызды рөл атқарды. Осы мақалада КСРО-ның дипломатиялық стратегиясы, оның әлемдік аренада орын алу жолдары және антигитлерлік коалицияны құру барысындағы рөлі қарастырылды. Кеңес Одағының АҚШ, Ұлыбритания және басқа мемлекеттермен орнатқан байланыстары мен саяси ықпалы соғыстан кейінгі әлемдік тәртіптің қалыптасуына ықпал етті. Бұл зерттеуде КСРО-ның сыртқы саясатының негізі мен соғыстың барысындағы дипломатиялық келісімдердің әсері талданады. Соғыс кезіндегі дипломатиялық байланыстар мен олардың ұзақ мерзімді салдары туралы қарастырылған ақпарат, әсіресе социалистік блоктың құрылуы мен халықаралық қатынастардағы жаңа әдістердің пайда болуының маңыздылығын көрсетеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Одағының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынастары нацистік Германияны жеңуде ғана емес, сонымен қатар соғыстан кейінгі әлемдік тәртіпті қалыптастыруда да шешуші рөл атқарды. Соғыс Кеңес Одағы үшін стратегиялық одақтарды құру және дипломатиялық маневрлер кезеңі болды. АҚШ және Ұлыбританиямен одақ құрып, басқа елдермен қарым-қатынасты нығайту арқылы Кеңес Одағы халықаралық аренада өз позициясын күшейтіп, кейінгі социалистік блоктың негізін қалады [1, 15 б.]. Германия ауқымды территорияларды жаулап алған кезде, КСРО тек соғыс даласында ғана емес, сонымен қатар халықаралық келіссөздерде де белсенді қатысып, одақтастарымен мықты дипломатиялық байланыс орнатып, бейтарап елдерде ықпалын күшейтті.

«Кеңес Одағының тарихы» кітабында көрсетілгендей, соғыс жағдайында КСРО-ның сыртқы саясаты ұлттық мүдделерді қорғап қана қоймай, оның идеологиялық ұстанымдарын кеңейту құралы болды [6, 113 б.]. Кеңес дипломатиясының негізгі мақсаты батыс одақтастары арасында өз орнын бекіту және бейтарап елдерде беделін нығайту болды [7, 21 б.]. Бұл мақала соғыс жылдарындағы кеңестік дипломатияның негізгі кезеңдерін және осы қадамдардың ұзақ мерзімді салдарын, соның ішінде Кеңес Одағының жаңа әлемдік тәртіпте ерекше орын алуға ұмтылысын қарастырады.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Кеңес Одағы үшін басты міндеттердің бірі Германияға қарсы күресте ірі державалардың қолдауына не болатын одақ құру болды. Алғашқы маңызды қадам – 1941 жылдың шілде айында Ұлыбританиямен бірлескен іс-қимыл туралы келісімге қол қою, бұл антигитлерлік коалицияның негізін қалады [2, 85 б.]. Күшейген қауіп-қатер жағдайында КСРО АҚШ-тың қолдауына не болу үшін маңызды қадамдар жасады, бұл ел ленд-лиз бағдарламасы арқылы Кеңес Одағына көмек көрсетуді бастады.

Ленд-лиз КСРО мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастардағы негізгі элементке айналып, Кеңес Одағына соғыс жүргізуге қажетті азық-түлік, қару-жарақ және техника алуға мүмкіндік берді. АҚШ одақтастарға экономикалық қолдау көрсетіп жатқанда, КСРО саяси позициясын күшейтіп, бұл көмекке тәуелді болмау үшін дипломатиялық арналарды пайдаланды [3, 42 б.]. «Кеңес Одағының сыртқы саясаты: көпжақты